

01.01.2024 – Қорғау бөлімі

🕒 1 қаңтар 2024 жылы Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының директорының м.а. Ж.Э.Нурмухамбетов, инспекторлар Е.Берленов, А. Қуанов “Қарақия-Қаракөл” мемлекеттік қаумалының аумағына бақылау және рейд жұмыстарын жүргізді.



02.01.2024 – Қорғау бөлімі

“Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы” РММ «Қарақия-Қаракөл» қаумалының Қаракөл көліндегі аққу құстарының арасында өлім-жітімін анықтау жұмыстарының жалғасып жатқандығын хабарлайды.

Еске сала кетсек, 2023 жылдың 21 желтоқсанында «Үстірт» мемлекеттік табиғи қорығының «Қарақия-Қаракөл» қаумалының инспекторлары қорғау шараларын жүргізу кезінде Қаракөл аумағында 30 бас шамасында сыбырлақ аққудың өлген денелері анықталып (Қазақстанның Қызыл кітабына енбеген), өлген денелерден алынған сынамалардан АШМ Ветеринариялық және қадағалау Комитетінің "Ветеринария бойынша Ұлттық орталығы РМК" -ы және "Микробиология және вирусология" ғылыми өндірістік орталығы зертханасының қорытындысы бойынша құс тұмауына оң нәтиже бергенін хабарлаған болатынбыз. Аққу құстарының өлімі бойынша уақытында облыстық ветеринарлық қызметі, экологиялық департаменті, Маңғыстау

облысының әкімдігіне, Маңғыстау облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясына хабарланды.

2023 жылдың 23-31 желтоқсаны аралығында табиғат қорғау мекемелерімен Қаракөл аумағын бақылауды одан әрі жалғастыру барысында құстардың өлім-жігімін анықтау кезінде көлдің аумағынан 102 бас аққу құсының өлген денесі, ал 2024 жылдың 2 қаңтарында тағы 95 бас өлген аққу денелері анықталды.

2024 жылғы 2 қаңтардағы жағдай бойынша барлығы 227 өлі құс табылды, оның ішінде 132 өлген аққудың денелері жойылды, ветеринариялық заңнамада белгіленген тәртіппен 2024 жылдың 2 қаңтарында анықталған 95 аққуды жою жүргізілуде.



05.01.2024 – Новости- Жаңалықтар

По подкормке лебедя на озере «Караколь»

По мнению орнитологов Казахстана кандидата биологических наук Виктории Анатольевны Ковшарь изучающую птиц по всему Казахстану и вот уже более 16 лет изучающих их зимой на озере «Караколь», а также директора по науке Казахстанской ассоциации сохранения биологического разнообразия, кандидата биологических наук Скляренко Сергея Львовича считают подкормку лебедей абсолютно не верной. Лебеди — это перелетные птицы, которые используют озеро как временное пристанище. То, что птичий грипп застиг их здесь это не из-за нехватки корма. Подкормка лебедей на набережной города Актау вполне допустима потому что их подкармливают хлебом. Хлеб размокает, находится на поверхности воды и лебеди могут взять этот корм. Но это не должно быть в массовом порядке. Это должно быть в качестве воспитательного процесса для жителей города Актау, а самое главное для детей. А вот в мелководном теплом почти замкнутом водоеме «Караколь» вносить дополнительную органику это крайне опасно для всего комплекса, плюс к этому лебеди не питаются просто сухим зерном, они питаются подводной растительностью. Как только им не будет хватать питания, они просто перелетят в другое место.

Во второй декаде января орнитолог Виктория Анатольевна Ковшарь планирует посетить озеро «Караколь». Планируется проведение научных исследований и учет зимующих птиц.

Всего, с 21 декабря 2023 года по 5 января 2024 года обнаружено и утилизировано 508 погибших птиц.

автор фото: Ж.Нурмухамбетов



11.01.2024 – Экологиялық ағарту және туризм бөлімі

31 9 қаңтар 2024 жылы Жаңаөзен қаласындағы №12 бастауыш білім беретін мектептің оқушыларына Үстірт қорығының экологиялық ағарту және туризм бөлімінің мамандары қорықтың тыныс-тіршілігі, мекендейтін жануарлары, құстары, табиғи және тарихи-мәдени ескерткіштері туралы мағлұмат беріп, дәріс сабақтарын өткізді.

31 9 января 2024 года специалисты отдела экологического просвещения и туризма Устюртского заповедника провели лекцию и познакомили с работой заповедника учащимся начальной школы №12 в городе Жанаозен.



15.01.2024 – Экологиялық ағарту және туризм бөлімі

4 10-11 қаңтар 2024 жылы Жаңаөзен қаласындағы №15 жалпы білім беретін мектептің оқушыларына Үстірт қорығының экологиялық ағарту және туризм бөлімінің мамандары қорықтың тыныс-тіршілігі, мекендейтін жануарлары, құстары, табиғи және тарихи-мәдени ескерткіштері туралы мағлұмат беріп, дәріс сабақтарын өткізді.

4 10-11 января 2024 года специалисты отдела экологического просвещения и туризма Устюртского заповедника провели лекцию и познакомили с работой заповедника учащимся средней школы №15 в городе Жанаозен.





18.01.2024 – Экологиялық ағарту және туризм бөлімі

4 Қазақстанның Батыс өңіріндегі ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың бірі- Үстірт қорығы. Шөл зонаның табиғи кешені мен табиғи ландшафттың алуан түрлілігін табиғи түрде сақтап қалу үшін қорғау жұмыстары, ғылыми зерттеу жұмыстары және экологиялық ағарту шаралары жүргізіледі.

Жаңаөзен қаласы №18 ЖББМ оқушыларына биыл құрылғанына 40 жыл толатын қорықтың биоалуантүрлілігі мен табиғи кешендері туралы дәріс өткізілді. Оқушыларға қорық аумағында мекендейтін жануарлар, құстар, жәндіктер мен өсімдіктері туралы мағлұмат айтылды.





24.01.2024 – Қорғау бөлімі

■ 22 қаңтар 2024 жылы Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының ғимаратында мемлекеттік инспекторларға қорғау жұмыстары бойынша оқу сабағы ұйымдастырылды.

■ 22 января 2024 года в здании Устьюртского государственного природного заповедника был проведен учебная практика по охранной работе для государственных инспекторов.





25.01.2024 – Экологиялық ағарту және туризм бөлімі

4 Қазақстанның Батыс өңіріндегі ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың бірі- Үстірт қорығы. Шөл зонаның табиғи кешені мен табиғи ландшафтың алуан түрлілігін табиғи түрде сақтап қалу үшін қорғау жұмыстары, ғылыми зерттеу жұмыстары және экологиялық ағарту шаралары жүргізіледі.

16.01.2024-24.01.2024ж Жаңаөзен қаласы №21 ЖББМ оқушыларына биыл құрылғанына 40 жыл толатын қорықтың биоалуантүрлілігі мен табиғи кешендері туралы дәріс өткізілді. Оқушыларға қорық аумағында мекендейтін жануарлар, құстар, жәндіктер мен өсімдіктері туралы мағлұмат айтылды.





29.01.2024 – Қорғау бөлімі

■ 29 қаңтар 2024 жылы Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының ғимаратында мемлекеттік инспекторларға қорғау жұмыстары бойынша оқу сабағы ұйымдастырылды.

■ 29 января 2024 года в здании Устьюртского государственного природного заповедника был проведен учебная практика по охранной работе для государственных инспекторов.



01.02.2024 - Новости

☞ 31 қаңтар 2024 жылы Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының ғимаратында директордың м.а. Ж.Э.Нурмухамбетов және заңгер А.Абиев қорық қызметкерлерінің қатысуымен «Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбында жиын өткізді.

☞ Жиын барысында сұрақтар қойылып, Мемлекеттік кірістер органдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты жоспарлы жұмыс жүргізілетінін баяндады.



01.02.2024 – Экологиялық ағарту және туризм бөлімі

4 1 ақпан 2024 жылы «Дүниежүзілік сулы-батпақты алқаптар күніне» орай Жаңаөзен политехникалық колледж студенттері арасында дәріс өткізілді.

📅 Тақырыбы: «2 ақпан - Дүниежүзілік сулы-батпақты алқаптар күні»

📌 Мақсаты: Құнды табиғи экожүйелерді қорғау қажеттілігі туралы хабардар етіп, биологиялық әртүрлілікті сақтаудағы экологиялық маңызы зор табиғи экожүйелерді сақтап қалу.

4 1 февраля 2024 года ко «Всемирному дню водно-болотных угодий» была проведена лекция среди студентов Жанаозенского политехнического колледжа.

📅 Тема: “2 февраля - Всемирный день водно-болотных угодий»

📌 Цель: сохранение природных экосистем, имеющих большое экологическое значение для сохранения биологического разнообразия, информируя о необходимости защиты ценных природных экосистем.





05.02.2024 – Қорғау бөлімі

■ 5 ақпан 2024 жылы Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының ғимаратында мемлекеттік инспекторларға қорғау жұмыстары бойынша оқу сабағы ұйымдастырылды.

■ 5 февраля 2024 года в здании Устьютрского государственного природного заповедника был проведен учебная практика по охранной работе для государственных инспекторов.



07.02.2024 – Экологиялық ағарту және туризм бөлімі

4 Қазақстанның Батыс өңіріндегі ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың бірі- Үстірт қорығы. Шөл зонаның табиғи кешені мен табиғи ландшафттың алуан түрлілігін табиғи түрде сақтап қалу үшін қорғау жұмыстары, ғылыми зерттеу жұмыстары және экологиялық ағарту шаралары жүргізіледі.

Жаңаөзен қаласы №23 ЖББМ оқушыларына биыл құрылғанына 40 жыл толатын қорықтың биоалуантүрлілігі мен табиғи кешендері туралы дәріс өткізілді. Оқушыларға қорық аумағында мекендейтін жануарлар, құстар, жәндіктер мен өсімдіктері туралы ақпараттар айтылды





14.02.2024 – Экологиялық ағарту және туризм бөлімі

4 Қазақстанның Батыс өңіріндегі ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың бірі- Үстірт қорығы. Шөл зонаның табиғи кешені мен табиғи ландшафттың алуан түрлілігін табиғи түрде сақтап қалу үшін қорғау жұмыстары, ғылыми зерттеу жұмыстары және экологиялық ағарту шаралары жүргізіледі.

08.02.2024 ж. Жаңаөзен қаласы №23 ЖББМ оқушыларына биыл құрылғанына 40 жыл толатын қорықтың биоалуантүрлілігі мен табиғи кешендері туралы дәріс өткізілді. Оқушыларға қорық аумағында мекендейтін жануарлар, құстар, жәндіктер мен өсімдіктері туралы ақпараттар айтылды.





19.02.2024 – Қорғау бөлімі

4 19 ақпан 2024 жылы Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының ғимаратында мемлекеттік инспекторларға қорғау жұмыстары бойынша оқу сабағы ұйымдастырылды. Сабақ барысында ҚР Заңдары мен олардың табиғатты қорғау қызметі барысында қолданылуы туралы айтылып, хаттама толтыру бойынша практикалық сабақтар өтті.

4 19 февраля 2024 года в здании Устьюртского государственного природного заповедника был проведен учебный урок по охранной работе для государственных инспекторов. В ходе урока были обсуждены Законы Республики Казахстан и их применение в процессе природоохранной работы, а также проведены практические занятия по заполнению протоколов.



20.02.2024 – Экологиялық ағарту және туризм бөлімі

15 ақпан 2024 жылы Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы мен Жаңаөзен оқушылар шығармашылық үйімен бірлесіп “Таңғажайып табиғат” суретшілер байқауы ұйымдастырылды. Байқаудың мақсаты - оқушыларды туған өлке табиғатын аялап, қорғауға тәрбиелеу, шығармашылық шаралар мен бастамаларға тарту, сурет өнердегі дарынды балаларды ынталандыру болып табылады. Байқауға Жаңаөзен қаласындағы Жаңаөзен Қалалық Білім Бөліміне қарасты жалпы білім беру мектептерінің 6 сынып оқушылары қатысты. Қатысушылар “Таңғажайып табиғат” тақырыбынан ауытқымай, А3 парақ форматында берілген 2 сағат ішінде өз туындыларын салды. Талапқа сай жасалған жұмыстарға қазылар мүшелері өз бағасын қойып, төмендегідей жүлделі орындар тағайындап, дипломдар мен алғыс хаттар табысталды.

1 орын - №11 ЖББМ оқушысы Мұратбай Ақниет

2 орын - №10 ЖББМ оқушысы Еңбек Айару

3 орын - №6 ЖББМ оқушысы Айтбай Ырыс

Ынталандыру - №24 мектеп лицейі Қайратқызы Кәусар марапатталды.





20.02.2024 Қорғау бөлімі

Үстірт мемлекеттік табиғи қорығында “Қызметтік қару” профилактикалық іс-шара барысында Жаңаөзен қаласы полиция басқармасы Азаматтық және қызметтік қару айналым бақылау тобының инспекторларымен қаруды сақтау бойынша бірлескен тексеру жұмыстары жүргізілді.



22.02.2024 – Ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімі

4 2024 жылдың ақпан айының 21-і күні Үстірт мемлекеттік табиғи қорығына қарасты «Қаракия-Қаракөл» мемлекеттік табиғи (зоологиялық) қамалына Қазақстанның Қызыл кітабына енген қоқиқаздардың келуіне байланысты ғылым бөлімінің басшысы Ж.Устадов, аға ғылыми қызметкер С.Турмағамбетов және мемлекеттік инспектор А.Сейтназаров «Маңғыстау» телеарнасына сұхбат берді.

4 21 февраля 2024 года начальник отдела науки Ж.Устадов, старший научный сотрудник С.Турмағамбетов и госинспектор А.Сейтназаров дали интервью телеканалу «Мангистау» о прибытии фламинго, занесенных в Красную книгу Казахстана, в государственный природный (зоологический) заказник «Каракия-Каракол» закрепленный за Устьюртским государственным природным заповедником.





26.02.2024 – Экологиялық ағарту және туризм бөлімі

23.02.2024ж Жаңаөзен қаласы Теңге кенті №14 жалпы білім беретін мектебінің 6 сынып оқушылары арасында “Табиғатқа мың тағзым” атты театрландырылған сахналық көрініс өтті. Шараның мақсаты: оқушыларды табиғатты қорғауға, сақтауға, аялауға ой туғызу, сонымен қатар табиғатты қорғау әрбір адамның міндеті екенін ұғындыру. Туған жер табиғатына деген сүйіспеншілігін арттыру. Қатысушылар “Семей полигоны”, “Табиғат адамзатқа аманат”, “Аққулар ұйықтағанда”, “Киелі алма”, “Табиғатты аялайық” тақырыбында қойылымдар көрсетті. Қазылар мүшелерінің қорытындысы бойынша:

1 орын - 6”Б” сынып оқушылары

2 орын - 6”В” сынып оқушылары

3 орын - 6”Г” сынып оқушылары

Ынталандыру - 6 “А” сынып оқушылары

Ынталандыру - 6”Ә” сынып оқушылары иеленді. Сонымен қатар “Өнерлі оқушы”, “Үздік актриса”, “Үздік актер”, “Сәнді костюм”, “Көрермен көзайымы” номинациялары берілді.





27.02.2024 – Қорғау бөлімі

4 2024 жылдың 16-25 ақпан күндері аралығында Үстірт қорығы қорғау бөлімінің инспекторлары А.Кумусбаев, Б.Сайынов, Е.Айтуов вахталық кезекшілік кезінде қорық аумағында жақын елді мекен, ауыл тұрғындарына ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда болу талаптары, оның ішінде аумақта мал жаюға, жоғалған малды қорық аумағынан іздеуге, атыс және аң аулау құралдарын ашық алып жүруге, өсімдіктер мен бұталарды жұлуға, кесуге және пайдалануға, от жағуға, жер қазуға, шөп шабуға т.б. табиғи экожүйелерде тыйым салынатын іс-әрекеттер туралы түсіндіру жұмыстары жүргізді.





27.02.2024 – Қорғау бөлімі

Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының инспекторлары Б.Бердібеков, Қ.Абдикаримов, Е.Аманбаев, жүргізуші Ж.Қошчанов, “Бөгет” шекара бөлімшесінің сержанты Қ.Анетов, қатардағы жауынгер Қ.Демегенов 18-19 ақпан күндері қорық аумағы мен шекаралас аумақтарға қаскерлікке қарсы бірлескен рейд жүргізді.





01.03.2024 – Ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімі

Қара кірпі

Длинноиглый еж

Paraechinus hypomelas

Денесінің ұзындығы 20-25 см, салмағы 550-750 г. Құлақты кірпіден айырмашылығы денесі ірілеу, инелері ұзын (40 мм) және басында маңдайынан шүйдесіне дейін созылған жіңішке сына тәріздес инесіз бос жері болады. Бұл кірпінің қара және ақшыл түрлері болады: ақшыл түсті кірпінің инелері ғана емес, денесінің екі шетіндегі түктері де ақ болады. Іні 1 метр тереңдікте және бірнеше шығу тесіктері болады. Негізінен жәндіктермен қоректенеді, күніне 110 жәндік, сирек бауырымен жорғалаушылар және кеміргіштерді де жейді.

Қара кірпі – Қазақстанда тек Маңғыстау түбегі мен Үстірттің батысын бойлай мекендейді.

Длинноиглый еж — это крупный еж массой 500-900 граммов и длиной 226-272 мм с толстыми и длинными (40-42 мм) иглами. Нижняя часть тела покрыта мягкими и длинными волосами. Уши длинноиглого ежа мягкие, длиннее половины головы. Внутренняя сторона ушей имеет серую окраску. Мордочка черно-коричневая с небольшим количеством белых волосков, расположенных на лбу. Существуют две цветовые разновидности этого ежа: темная и светлая. У темных особей основание иглок сливочно-белое, но сами иглы черные, вследствие чего спина и брюхо имеют черный или чернобурый цвет; примесь черных волос вызывает также потемнение окраски на боках, конечностях и голове; местами черные волосы могут полностью вытеснять белые, создавая пятна. У светлых особей иглы значительно светлее, почти белые, волосяной покров также белый, и только на голове присутствуют темные и (или) сероватые пятна. От ушастого ежа отличается более крупными размерами и длинными иглами (темная форма к тому же еще и их цветом), широким «пробором» на голове и участком голой кожи («плешинкой») на темени (отсюда его второе русскоязычное название лысый еж). Размножается в мае-июне. Питается преимущественно насекомыми, 110 насекомых в день, реже рептилиями и грызунами.

Длинноиглый еж обитает в Казахстане только вдоль полуострова Мангистау и на западе плато Устюрт.

Ғылым ақпарат және мониторинг бөлімі.



04.03.2024 – Экологиялық ағарту және туризм бөлімі

4 29.02.2024ж Жаңаөзен қаласының жалпы білім беретін мектептері арасында “Мен табиғат тілекшісі” атты мәнерлеп оқу байқауы өтті. Шараның мақсаты: оқушылардың мәнерлеп оқу арқылы туған жердің әсемдігін сезінуге, сүйеге, аялауға баулу, ауызекі сөз дәстүрін жаңғырту, оқуға деген қызығушылықтарын ояту, оқу мәдениетіне тәрбиелеу. Қатысушылар “Табиғат тазалығы”, “Табиғатқа тағзым”, “Пәк табиғат таратып”, “Мен табиғат тілекшісі”, “Табиғатым Аманатым” тақырыбында мәнерлеп оқып, өз өнерлерін көрсетті. Қазылар мүшелерінің қорытындысы бойынша:

Бас жүлде - Сагинбай Райана №11 мектеп оқушысы

1 орын - Жұматай Ердәулет №2 мектеп оқушысы

2 орын - Аманқожа Нұрилла №5 мектеп оқушысы

2 орын - Сейсенбай Арайлым №9 мектеп оқушысы

3 орын - Есбосын Нұрай №24 мектеп оқушысы

3 орын - Аманберді Аяулым №19 мектеп оқушысы

3 орын - Қалдыбаева Ақбаян №13 Дарын мектеп лицей оқушысы

Ынталандыру - Өмірбаева Азиза №20 мектеп оқушысы

Ынталандыру - Дурдыгылычова Аружан №21 мектеп оқушысы

Ынталандыру - Амангелді Ұлан №7 мектеп оқушысы

Ынталандыру - Жанан Нұржан №4 мектеп оқушысы иеленді. Сонымен қатар қатысушылар алғыс хатпен марапатталды.





04.03.2024 – Қорғау бөлімі

■ 4 наурыз 2024 жылы Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының ғимаратында мемлекеттік инспекторларға қорғау жұмыстары бойынша оқу сабағы ұйымдастырылды.

■ 4 марта 2024 года в здании Устьюртского государственного природного заповедника был проведен учебная практика по охранной работе для государственных инспекторов.



14.03.2024 – Ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімі

2024 жылдың наурыз айының 11-14 аралығында Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімінің басшысы Ж.Устадов, ғылыми қызметкерлер А.Пулатов, С.Тұрмағамбетов, инспектор А.Кумусбаев қорық жылдық жоспарға сәйкес аң-құстарға көктемгі санақ жұмыстарын жүргізді.



19.03.2024 – Ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімі

Филин

Bubo bubo

Үкі - негізінен шөлді, далалы, таулы орманды жерлерді мекендеп, жемін көбіне түнде аулайтын жыртқыш құс. Евразияда, сондай-ақ Қазақстанда кең тараған. Оның ішінде Шығыс, Оңтүстік-шығыс, және Орталық Қазақстанның жазықтары мен тауларын қоса, Бетпақдалада, Арал өңірінде, Маңғыстауда, Үстірт пен Еділ-Жайық өзендерінің аралығында кездеседі.

Түрлі биотоптарда – тұз бен шөл даладан биік таулы жерлерге дейін мекендейді. Ұясын – қуыстарға, үңгірлерге, әр түрлі бастырмалардың астына жасыруға болатын жерге салады. Дене мөлшеріне қарай 2-12-ге дейін жұмыртқа салады, ұрғашысы бір айдан көп басады. Үкілер негізінен, ұсақ кеміргіштермен, кей жағдайда құстармен қоректенеді. Көп көшпейді, негізінен отырықшы. Жұптарын өмір бойы сақтайды.

Фото авторы: Ж.Э.Нурмухамбетов

Широко распространены в Евразии. В Казахстане живут повсюду. Поселяется в самых различных биотопах - от степей и пустынь до высокогорий. Гнездо делает в укрытиях - нишах, пещерах, под различными навесами. В кладке 2-5 белых яиц, которые самка насиживает больше месяца. Затем птенцы долго выкармливаются, а затем, будучи уже летными, опекаются родителями. Питаются филины в основном мелкими грызунами, реже птицами. Нешироко кочуют, в основном оседлые.

Автор фото: Ж.Э.Нурмухамбетов



22.03.2024 – Жаңалықтар - Новости

ҚР ЭТРМ Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің 2024 ж наурыздағы №27-2-17/646-И хатын басшылыққа ала отырып, “Үстірт МТҚ” РММ 20 наурыздағы №01-03/60-НҚ бұйрығына сәйкес республика бойынша ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда

“Парктер шеруі - 2024” табиғатты қорғау акциясы 22 наурыз - 5 маусым аралығында өткізілетінін хабарлаймыз.

📌 Парктер шеруі - табиғат жанашырларын біріктіретін табиғатты қорғау акциясы. Акция кезінде әртүрлі байқаулар, дөңгелек үстелдер, сенбіліктер, фестиваль, дәрістер мен кездесулер, ағаш отырғызу, концерттер т.с.с. шаралар өтеді. Парктер шеруі акциясы білім беру орындары, БАҚ өкілдері, қоғамдық бірлестіктер, атқарушы билік органдары, ҮЕҰ қатысуымен бірлікте ұйымдастырылады.

💡 ”Парктер шеруі - 2024” табиғатты қорғау акциясына өз үлесінді қос, табиғат жанашыры!



02.04.2024 – Қорғау бөлімі

30.03.2024 жылы Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының инспекторлары М.Өтесінов, Б.Тілеужанов, Б.Қайралапов Маңғыстау облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының бөлім басшысы Т.Шапағатовпен “Қарақия-Қаракөл” қаумалы аумағына бақылау жұмыстарын жүргізді.



04.04.2024 – Ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімі

Фототұзақ

Фотоловушка



04.04.2024 – Ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімі

Оқ жылан

Стрела змея

Psammophis lineolatus

Оқ жылан – қабыршақтылар отрядына жататын бауырымен жорғалаушы. Сымбатты жінішке жылан (90 см), құмды-сұр түсті басының пішіні әдемі және көздері үлкен. Құйрығы өте жұқа және өткір. Онын улы тістері жағының жоғарғы бөлігіне алшақ орналасқан және адам үшін қауіп төндірмейді. Кеміргіштердің ініне жасырынады, тоғайларда жақсы өрмелейді. Күндіз белсенді. Наурыз айының басында ұйқыдан оянып іннен шығады, маусым айының соңына қарай шатылысады, шілде айында жұмыртқа салады. Жас жыландар шілде немесе тамыз айының соңында пайда болады. Тек қана кесірткелермен қоректенеді, алдымен улы тістерімен тістейді, содан кейін денесімен орап буындырады.

Қазақстанның құмды топырақты далалы аймақтарынды мекендейді.

фото авторы: Ж.Э.Нурмухамбетов

Стрела змея - пресмыкающийся, относящийся к отряду чешуйчатых. Тонкая грациозная змея (до 90 см), песчано-серой окраски с красивой формы головой и большими глазами. Хвост очень тонкий и острый. Ядовитые зубы ее расположены далеко в задней части верхней челюсти и для человека не представляют опасности. Прячется в норах грызунов, хорошо лазает по кустам. Активна днём. С зимовки появляется в начале марта, в конце июля самка откладывает яйца. Молодые змеи появляются в конце июля или в августе. Питаются почти исключительно ящерицами, которых сначала кусают ядовитыми зубами, а затем обвивают телом.

В Казахстане обитают преимущественно в песчаных и степных зонах.

автор фото: Ж.Э.Нурмухамбетов



08.04.2024 – Экологиялық ағарту және туризм бөлімі

«Парктер шеруі» - табиғат тілекшісі!

Өскелең ұрпақты экологиялық мәдениетке баулу мақсатында Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы жыл сайын «Парктер шеруі» табиғатты қорғау акциясын ұйымдастырып келеді. «Парктер шеруі» акциясын өткізудегі мақсат жұртшылықты Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының тыныс тіршілігімен таныстыру, қорық қызметін насихаттау, табиғат пен арадағы байланысты орнату, қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу. Жыл сайын 22 наурыз бен 5 маусым аралығында республика бойынша қорықтар мен ұлттық бақтар арасында өтетін табиғатты қорғауға арналған «Парктер шеруі» акциясын Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы 2000-шы жылдардан бері Жаңаөзен қаласы және Маңғыстау облысы бойынша ұйымдастырып келеді.

Парктер шеруі–үлкен көлемде өтетін ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қолдаушы табиғат жанашырларын біріктіретін табиғатты қорғау акциясы кезінде өтетін шаралардың әртүрлілігі ұйымдастырушыларға байланысты. Ол-әртүрлі байқаулар, семинар, дөңгелек үстел, пресс-конференциялар, ашық есік күндері, экологиялық десанттар (тазалық жұмыстары, ағаш отырғызу, бұлақ көздерін тазалау, т.б.), тақырыптық көрмелер мен концерттер, теле, радиобағдарламалар, ерікті көмекшілер акциясы. Және де осы шаралардың барлығы атқарушы билік органдары, білім беру орындары, БАҚ өкілдері және түрлі қайырымдылық ұйымдарымен бірлікте өтеді.

Үстірт қорығының ұйымдастыруымен 2024 жылы 5 сәуірде «Парктер шеруі-2024» акциясының ашылуы Қарақия ауданы Сенек ауылындағы Қ.Күржіманұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінде өтті. Аталған шараға мектеп оқушылары, ұстаздары, Сенек ауылдық округінің әкімдігі, қорық мамандары мен инспекторлары қатысты. Шарада қатысушылар сөз сөйлеп, оқушылар ән салып, би билеп, табиғатты қорғауға үндейтін ақындардың туындыларын оқыды.

Төл табиғатымызды қорғауда қорықтар мен ұлттық бақтардың атқарып жатқан қызметі өте маңызды іс. «Парктер шеруі-2024» табиғатты қорғау акциясына қатысуға шақырамыз!



09.04.2024 – Қорғау бөлімі

Бұлақ көрсең көзін аш!

Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы қорғау бөлімінің инспекторлары вахталық әдіспен жұмыс жасайды. Кезекші инспекторлар қорғау аумағын қаскерлерден қорғап, бақылау аймақтарына үнемі бақылау жұмыстарын жасап, аң-құстардың тыныштығын қадағалайды. Инспекторларға өз аумақтарын қорғап, үнемі бақылауда ұстап күзету оңай емес. Бұл күндіз - түні қырағылық танытумен қатар, үй-жайынан алыста бірнеше күндеп тынымсыз еңбек етуді талап етеді. Осындай табандылықтың арқасында табиғи байлықтарымыз көздің қарашығындай қорғалып келеді. Сонымен қатар бұлақ көздерін ашу жұмыстарын да жүргізеді.

2024 жылы наурыз айында үш бұлақтың (Өнере, Кендірлі, Сарбұлақ) көзін ашу жұмыстары жүргізіліп, аң-құстардың су ішуіне жағдай жасалды. Наурыз-сәуір айлары қаракұйрық, арқар аңдарының төлдейтін уақыты. Осы айларда қорғау жұмыстарын күшейтіп, кезекшіліктен басқа рейд жұмыстары жүргізілді.

Әрбір Қазақстан азаматы табиғатымызды аялап, аң құстарымызды қорғаса, нұр үстіне нұр болар еді.

Қ.Мамаев

Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы

Қорғау бөлімінің басшысы





12.04.2024 – Экологиялық ағарту және туризм бөлімі

08.04.2024 жылы «Парктер шеруі – 2024» табиғатты қорғау акциясы аясында Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының экологиялық ағарту және туризм бөлімінің мамандары №21 ЖББМ 6 сыныптары арасында «1 Сәуір – Халықаралық құстар күніне» орай «Үстірт қорығына 40 жыл» көрмесі ұйымдастырылды.





12.04.2024 – Экологиялық ағарту және туризм бөлімі

08.04.2024 жылы «Парктер шеруі – 2024» табиғатты қорғау акциясы аясында Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының экологиялық ағарту және туризм бөлімінің мамандары №21 ЖББМ 6 сыныптары арасында «1 Сәуір – Халықаралық құстар күніне» орай “Құстар көктем сәні” апталығының ашылуы ұйымдастырылды.





12.04.2024 – Экологиялық ағарту және туризм бөлімі

09.04.2024 жылы «Парктер шеруі – 2024» табиғатты қорғау акциясы аясында Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының экологиялық ағарту және туризм бөлімінің мамандары №21 ЖББМ 6 сыныптары арасында «1 Сәуір – Халықаралық құстар күніне» орай «Қанатты достар» суретшілер байқауы ұйымдастырылды.





12.04.2024 – Экологиялық ағарту және туризм бөлімі

10.04.2024 жылы «Парктер шеруі – 2024» табиғатты қорғау акциясы аясында Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының экологиялық ағарту және туризм бөлімінің мамандары №21 ЖББМ 6 сыныптары арасында «1 Сәуір – Халықаралық құстар күніне» орай “Құстарға қамқор болайық” тақырыбында құс ұяшықтарын жасап, мектеп ауласына орналастырды.





12.04.2024 – Экологиялық ағарту және туризм бөлімі

08-12.04.2024 жыл аралығында «Парктер шеруі – 2024» табиғатты қорғау акциясы аясында Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының экологиялық ағарту және туризм бөлімінің мамандары №21 ЖББМ 6 сыныптары арасында «1 Сәуір – Халықаралық құстар күніне» орай “Құстар көктем сәні” апталығында «Үстірт қорығына 40 жыл» көрмесі, “Құстар келді оралып” танымдық сабағы, “Қанатты достар” суретшілер байқауы, “Құстарға қамқор болайық” құс ұяшықтарын жасау байқаулары өтті. Байқаулар қорытындысы бойынша:

“Құстар келді оралып” танымдық сабағы:

1 орын - б”д” сынып оқушылары Жетекшісі Мұратбай А.

2 орын - б”а” сынып оқушылары

Жетекшісі Меңдібаева Н.

3 орын - б”к” сынып оқушылары

Жетекшісі Жантіліева Б.

“Қанатты достар” суретшілер байқауы:

1 орын - Базарбаева Аниса б”ғ” сынып оқушысы

2 орын - Жақсылық Жанерке б”ж” сынып оқушысы

3 орын - Аманбаева Асель б”б” сынып оқушысы

“Құстарға қамқор болайық” байқауы бойынша қатысушылар “Мейірімді топ”, “Ыстық ұя”, “Қамқор достар”, “Шебер қолдар” номинациясымен марапатталды. Сонымен қатар қатысушылар алғыс хатпен марапатталды.





13.04.2024 – Жаңалықтар - Новости

12.04.2024 Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының қызметкерлері қорық ғимаратының айналасына тазалық жұмыстарын жүргізді!

[#шығу2024](#)[#шос2024](#)[#шығу2024](#)экологияжылы[#шос2024](#)годэкологии





15.04.2024 – Қорғау бөлімі

15 сәуір 2024 жылы Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының ғимаратында ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімінің басшысы Ж.Устадов мемлекеттік инспекторларға "Үстірт қорығындағы Қызыл кітапқа енген аң-құстар" тақырыбында оқу сабағын ұйымдастырды.



17.04.2024 – Экологиялық ағарту және туризм бөлімі

Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының 40 жыл толуына орай «Парктер шеруі - 2024» табиғатты қорғау акциясы аясында 22 сәуір – Халықаралық жер күніне №23 ЖББМ «7» сыныптар арасында «Туған жер тұғырың, туған ел қыдырың» интеллектуалды сайысы ұйымдастырылды.

Сайыстың мақсаты: Табиғаты сан қилы кең, ұлан-ғайыр туған өлкеміз туралы жас ұрпақтың білімін жетілдіріп, өз туған мекеніне деген патриоттық саналарын арттырып, тәрбиелеп, табиғат жанашырларын қалыптастыру.





19.04.2024 – Ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімі

2024 жылдың сәуір айының 15-17 күндері аралығында қорық аумағындағы жоғары сатыдағы өсімдіктерге «Ботаника және фитоинтродукция институты» РМК-нің б.ғ.к П.В.Веселова бастаған ғылыми қызметкерлерімен бірлікте Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімінің аға ғылыми қызметкері С.М.Тұрмағамбетов ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді.

С 15-17 апреля 2024 года научными сотрудниками РГП «Институт ботаники и фитоинтродукции» под руководством к.б.н. П.В.Веселовой при участии старшего научного сотрудника отдела науки, информации и мониторинга Устьюртского государственного природного заповедника Турмагамбетова С.М. проведены совместные научно-исследовательские работы по изучению высших сосудистых растений на территории заповедника.





19.04.2024 – Қорғау бөлімі

Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының қорғау бөлімінің инспекторлары жыл бойы қорық аумағына шекаралас елді мекендердің тұрғындарына және жеке шаруа қожалықтарына далалық жерлерде:

- От жағуға, жанған отты сөндірмей кетуге және қараусыз қалдыруға;
- Атыс және аң аулау құралдарын ашық алып жүруге, тазы, төбет иттерін бос жіберуге;
- Ерекше қорғалатын табиғи аумақта көрсетілген арнайы ескерту белгілерінен асып, аумаққа мал жаюға, жоғалған малды ЕҚТА аумағынан іздеуге;
- Өсімдіктер мен бұталарды, ағаш тектес бұталарды жұлуға, кесуге және пайдалануға;
- Жер қазуға, шөп шабуға, тұрмыстық қалдықтар мен қоқыстарды тастауға;
- Тірі аңдарды, оның ішінде қасқырды қоса алғанда, өлтіруге және т.б. табиғи жүйеге зиянды әрекеттерге тыйым салынатындығын айтып түсіндіріп, үгіт насихат жұмыстарын жүргізеді.

Табиғатымыз бен аң-құстарымызды аялайық! Өрт қауіпсіздігінің шараларын сақтайық!

Қ.Мамаев

Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы

Қорғау бөлімінің басшысы



22.04.2024 – Ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімі

Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімінің ғылыми қызметкері Т.Дарибаев 10-19 сәуір аралығында қорық аумағында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді.

📍 Научный сотрудник отдела науки, информации и мониторинга Устьютского государственного природного заповедника Т. Дарибаев с 10 по 19 апреля провел научные исследования на территории заповедника.





22.04.2024 – Экологиялық ағарту және туризм бөлімі

Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының 40 жыл толуына орай «Парктер шеруі - 2024» табиғатты қорғау акциясы аясында «№13 Дарын мектеп-лицейінің» 5-6 сынып оқушыларына "Мен спортты сүйемін" ұлттық спорттық ойындары ұйымдастырылды.

💡 Сайыстың мақсаты: Оқушылардың арасында әдет-ғұрыптарды, салт-дәстүрлерді жаңғыртып, ұлттық мұраларды жандандыру. Тәрбие ретінде

Ұлттық ойындарды күш-қуатын дамытып зеректілікті, ептілікті, икемділікті, қимыл бірлігін қалыптастыру.





23.04.2024 – Ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімі

Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімінің аға ғылыми қызметкерлері А.Пулатов, С.Турмағамбетов, инспектор-жүргізуші Д.Атантаев және вахталық кезекшіліктегі инспекторлар Б.Қожашев, Е.Айтуов, Ә.Беков қатысуымен сәуір айының 19-22 сәуір аралығында Оңтүстік Үстіртке ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Старшие научные сотрудники отдела науки, информации и мониторинга Устьюртского государственного природного заповедника А. Пулатов, С. Турмагамбетов, инспектор-водитель Д. Атантаев, при участии вахтовых инспекторов Б.Кожашев, Е.Айтуов, А.Беков с 19 по 22 апреля провели научно-исследования на Южном Устьюрте.



24.04.2024 – Қорғау бөлімі

23.04.2024 ж қорғау бөлімінің басшысы Қ.Мамаев инспектор Х.Қодарқұлов, жүргізуші Ж.Қосшанов “Қарақия-Қаракөл” мемлекеттік табиғи қамалы аумағына жақын орналасқан жеке шаруа қожалықтарына өрт қауіпсіздігі, өрттің алдын алу және қаскерлікке қарсы күрес шаралары туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.





24.04.2024 – Жаңалықтар + Экологиялық ағарту және туризм бөлімі

23.04.2024 ж "Парктер шеруі-2024" табиғатты қорғау акциясы аясында Теңге кентіндегі №14 ЖББМ 6-7 сынып оқушыларына Үстірт қорығы ғылым,

ақпарат және мониторинг бөлімінің басшысы Ж.Устадовпен, қорғау бөлімінің мемлекеттік инспекторлары Б.Қайралапов, Д.Атантаев, М.Мадинов, А.Құлтаев және экологиялық ағарту және туризм бөлімінің басшысы Э.Бекмағамбетовамен кездесу ұйымдастырылып, қорықтың қызметі таныстырылды. Оқушылар әр маманға сұрақтарын қойып, қорық туралы бейнефильм тамашалады. Шара соңында мектеп ауласына 21 түп жас көшеттер отырғызылды.





26.04.2024 – Ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімі


Балықшы түйғын

Скопа


Pandion haliaetus

Сұңқартәрізділер отряды – Отряд Соколообразные - Falconiformes

Балықшы түйғындар тұқымдасы – Семейство Скопиные – Pandionidae

Таралуы. Ертеде Қазақстанның көптеген су қоймаларында мекендеген. Қазір негізгі ұялайтын орындары Марқакөл көлі мен Қара Ертіс өзені. Бұлардан басқа 1976 жылы. Жаркент қаласынан оңтүстікке қарай Өсек көлінде, 1981 жылы Орал қаласына жақын Жайық өзенінде, 1982 жылы. Қапшағай су қоймасында Кіші Қалқанда, 1985 жылы Сырдария өзенінде ұялары табылған. 1981-1985 жылдары бірін-саран жұптары ұялайтын мерзімде Зайсан көлінде, Павлодар облысындағы Ертіс өзенінің бойында, Балқаш көлінің оңтүстік жағалауында, Бұқтырма өзенінің аңғарындағы көлдерден де кездеседі.

Биологиялық ерекшелігері. Наурыздың аяғы – сәуірде ұшып келеді. Сәуірдің аяғы – мамырдың басында жұмыртқа салады. Ұяда 2-3, өте сирек 4 жұмыртқа болады. Шайқау 34-40 күнге, орташа 37, созылады. Балапандары ұяда 49-60 тәулік болады. Қайтуы тамыздың үшінші онкүндігінен 20 қазанға дейін созылады. Негізінен балықпен қоректенеді.

Распространение. В прошлом обитала во многих водоемах Казахстана. В настоящее время основным местом гнездования являются оз. Маркаколь и р. Черный Иртыш. Кроме того, гнезда обнаружены: в 1976 г. - на оз. Усекское южнее г. Джаркента, в 1981 г. - на р. Урал г. Уральска, в 1982 г. - на Капчагайском водохранилище у Малых Калканов, в 1985 г. - на р. Сырдарья. Единичные пары в 1981-1985 гг. встречены также в гнездовое время на оз. Зайсан, по р. Иртыш в Павлодарской области, на южном берегу оз. Балхаш, на озерах в долине р. Буктармы.

Особенности биологии. Прилетает в конце марта - апреле. Гнездится по берегам озер и рек, устраивая гнезда на сломанных вершинах высоких деревьев. Некоторые из них используются до 10-15 лет подряд. Питается преимущественно рыбой. При ее ловке характерно зависает на месте, трепеща крыльями, и отвесно пикирует, выставив вперед когтистые лапы, иногда глубоко погружаясь в воду. Откладка яиц в конце апреля - начале мая. В кладке 2-3, очень редко 4 яйца. Насиживание длится 34-40 дней, в среднем 37 суток. Птенцы находятся в гнезде 49-60 суток. Пролет длится с третьей декады августа до 20 октября.



29.04.2024 – Экологиялық ағарту және туризм бөлімі

26.04.2024 ж «Парктер шеруі - 2024» табиғатты қорғау акциясы аясында Жаңаөзен қаласы №15 ЖББМ мектеп оқушыларына «Көктем-шуағы» ән-би байқауы ұйымдастырылды. Қатысушылар көркем сөз оқып, табиғат, жер ана, құстар туралы ән шырқап, би билеп өз өнерлерін көрсетті.





29.04.2024 – Қорғау бөлімі

Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы қорғау бөлімінің инспекторлары Б.Рзаев, С.Тоғызбаев, Е.Аманбаев, Б.Қожашев, Ә.Беков, Е.Айтуов жылдық жоспарға сәйкес 19-28 сәуір 2024 жыл аралығындағы вахталық кезекшілікте қорық аумағындағы және іргелес аймақтардағы бұлақ көздерін ашып, тазалық жұмыстарын жүргізді





30.04.2024 – Ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімі

27 сәуір 2024 жылы Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы “Охотзоопром” ӨБ РМҚК, “Кендірлі - Қаясан” МҚА мемлекеттік инспекторларымен бірлескен рейд және фототұзақ құру жұмыстарын жүргізді.



03.05.2024 – Ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімі

Түлкі

Лисица

Vulpes vulpes

Түлкі – жыртқыштар отрядының иттер тұқымдасына жататын аң. Орташа дене бітімді. Денесі ұзын, аяқтары биік емес. Тұмсығы созылған, құлақтары үлкен, тік, үшкір. Құйрығы денесінің жартысынан ұзын және өте үлпілдек.

Негізінен, түлкілер – түнгі жануарлар, яғни олар күндізге қарағанда түнде белсендірек болады. Олардың көру, иіс сезу және есту мүшелері өте жақсы дамыған. Түлкілер тамақ талғамайтын жануарларға жатады. Олар қояндар, тышқандар, құстар және жәндіктер секілді ұсақ жануарларды аулайды. Олар аңға жалғыз шығады, өздерінің құрбандарын аса қулықпен және төзіммен байқатпай аңду арқылы алады. Көптеген түлкілердің қорегі олардың өмір сүрген орталарына байланысты әр түрлі болып келеді.

Қазақстанның барлық аймақтарында кездеседі.

Лисица – зверь, относящийся к породе собак отряда лис-хищников,

Среднее телосложение. Туловище длинное, на невысоких ногах. Морда вытянутая, уши большие, стоячие, остроконечные. Хвост длиннее половины тело и очень пушистый.

В основном лисы - ночные животные, то есть они более активны ночью, чем днем. У них очень развиты органы зрения, обоняния и слуха. Лисы относятся к непищевым животным. Они охотятся на мелких животных, таких как зайцы, мыши, птицы и насекомые. Они выходят на охоту в одиночку, охотятся на свои жертвы с особой хитростью и терпением. Корм многих лисиц варьируется в зависимости от среды их обитания.

Встречается во всех регионах Казахстана.

автор фото: Ж.Э.Нурмухамбетов



03.05.2024 – Экологиялық ағарту және туризм бөлімі

02.05.2024 ж Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінде «Парктер шеруі - 2024» табиғатты қорғау акциясының аясында кездесу ұйымдастырылды.

Кездесуді ашу үшін сөз Туризм және тілдер факультет деканы Отарова Ақмарал Нұржанқызына берілді.

Кездесу барысында жоғары оқу орнында білім алып жатқан студент жастармен кездесе отырып, пікір алысуға, туризм туризм мамандығына деген қызығушылығын арттыруға, сол жолда салмақты да саналы білім алуға деген ұмтылысын оятуға бағыт беру. Сонымен қатар, Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының тыныс тіршілігімен таныстырып, қорық қызметін насихаттап, табиғатты қорғауға, сақтауға, аялауға ой туғызып, туған жер табиғатына сүйіспеншілігін арттыруға және де экологиялық білімі мен мәдениеті жоғары тұлғаны қалыптастыруға жұмылддыру.



06.05.2024 – Қорғау бөлімі

6 мамыр 2024 жылы Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының ғимаратында Үстірт МТҚ директорының орынасары М.Ағиев мемлекеттік инспекторларға “Қорғау жұмыстарының тиімділігін арттыру” тақырыбында оқу сабағын ұйымдастырды.



10.05.2024 – Қорғау бөлімі

03.05.2024ж күні Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының қорғау бөлімінің басшысы Қ.Мамаев, инспектор Б.Рзаев, Маңғыстау облыстық ОШЖД аумақтық инспекция бөлімінің басшысы Т.Шапағатов, Қарақия ауданы бойынша «Шекара» басқармасының шекара күзету бөлімінің басшысы подполковник Е.Кадирбеков ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2024 жылғы 12 сәуірдегі № 78-ө, ҚР ІІМ 2024 жылғы 18 сәуірдегі № 334, ҚР ҰҚК төрағасының 2024 жылғы 29 сәуірдегі №349/ке-қа «Киік» кең ауқымды акциясын өткізу туралы» бұйрығына сәйкес бірлескен рейд жұмыстарын жүргізді



13.05.2024 – Қорғау бөлімі

13.05.2024 ж Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының ғимаратында заңгер А.Абиев мемлекеттік инспекторларға «Орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органдардың құқықтары мен міндеттері» тақырыбында оқу сабағын ұйымдастырды.



14.05.2024 - Жаңалықтар

11.05.2024ж Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы инспекторлары және “МАЭК” ЖШС қызметкерлерімен бірлесе “Қарақия-Қаракөл” қаумалының Қаракөл көлі аумағына тазалық жұмыстарын жүргізді.

[#шос2024](#)[#шыу2024](#)[#годэкологии2024](#)[#экологияжыл2024](#)



17.05.2024 – Ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімі

Майда қатыран

Катран беззубый

Crambe edentula

Семейство - Brassicaceae – Капустные

Сирек кездесетін, таралуы шектеулі түр. Тұран провинциясының эндемигі, реликт түр. Биіктігі 40-60 см, көп жылдық өсімдік. Бір, сирегірек бірнеше сабағы болады. Төменгі жапырақтары жүрек тәрізді сопақша, ұзындығы 4-12 см, жоғарғы жапырақтары - таспалыбіз тәрізді, ұзындығы 1 см-дей, майда. Гүлшоғыры біріккен қосарлы шашақ, сирек жағдайда бұтақтанған, бұтақшалары ұзарған болады, күлтелері сопақша, ұзындығы 5-7 мм, ақ түсті. Бұршаққыны екі мүшелі: жоғарғысы домалақсопақша, ұзындығы 2 мм-дей, тегіс, сұрғылт көк түсті, төменгі жапырақтары – цилиндрлі, жоғарғысынан қысқа. Тұқым арқылы көбейеді. Сәуір-мамыр айларында гүлдеп, мамыр-маусымда жеміс береді.

Үстірт, Маңғыстау, Қызылқұмда (борлы, әкті және сазды керіштерде), тау беткейлерінде кездеседі. Негізінен өсімдік жабыны жоқ жерлерде дарадан өседі. Барлық жерлерде кездесуі сирек.

Редкий вид, распространение ограничено. Эндемик Туранской провинции, реликтовый вид. Многолетнее растение, 40-60 см. выс., с одним, реже несколькими стеблями. Нижние листья сердцевидно – овальные, 4-12 см дл., верхние – линейно-шиловидные, мелкие до 1 см дл. Соцветие – объединенная двойная кисть, редко ветвистая, веточки удлиненные, лепески продолговатые, 5-7 мм дл., белые. Стручок двучленный: верхний – округло-овальный, до 2 мм дл., гладкий, сизый; нижний – цилиндрический, короче верхнего. Размножается семенами. Цветет в апреле-мае, плодоносит в мае-июне.

Встречается на Устюрте, в Мангыстау и Кызылкумах. По чинкам: на меловых, известня-ковых и глинистых выходах; на горных склонах.

Автор фото: Ж.Э. Нурмухамбетов



20.05.2024 – Экологиялық ағарту және туризм бөлімі

Жыл сайын 18 мамырда әлемнің көптеген елдері халықаралық мұражай күні мерекесін атап өтеді. Бұл мереке тұңғыш рет 1977 жылы халықаралық мұражайлар кеңесінде (International Council of Museums, ICOM) мәдени мереке ретінде бекітілген болатын. Дәл осы күні бүкіл дүниежүзі мұражайлары есіктерін келушілерге айқара ашып, ашық есік күнін ұйымдастырады. Қазақстан Республикасында да бұл үрдіс қалыптасқан.

Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы ғимаратындағы табиғат және өлкетану мұражайы 2004 жылы өз жұмысын бастап, жыл сайын мұражай күнін атап өтеді.

«Парктер шеруі – 2024» табиғатты қорғау акциясының аясында «18 мамыр - Халықаралық мұражай күніне» орай қорық ғимаратындағы мұражайда ашық есік күні өтті.



21.05.2024 – Экологиялық ағарту және туризм бөлімі

17.05.2024ж Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының ғимаратында Қашаған Күржіманұлы атындағы 8 ЖББМ 4 “Ғ” сынып оқушылары және жетекшісі Перизат Қабидуллақызы "18 мамыр - Халықаралық мұражайлар" тақырыбында танымдық сабағын өткізді.



21.05.2024 – Ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімі

2024 жылдың мамыр айының 17-21 күндері аралығында ҚР ҚМҒҚ “Зоология институты” РМК және ҚР ЭТРМ Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің “Ботаника және фитоинтродукция институты” ШЖҚРМК ғылыми қызметкерлері А.Исламгулова, А.Қызметова, Д.Малахов, И.Фролов, А.Нехаева мемлекеттік ғылыми техникалық бағдарламаны іске асыру шеңберінде Үстірт қорығы аумағында ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізді.



21.05.2024 – Экологиялық ағарту және туризм бөлімі

17.05.2024ж "Парктер шеруі - 2024" табиғатты қорғау акциясының аясында Қашаған Күржіманұлы атындағы №8 ЖББМ мектебінің оқушыларына "Құлпырған қызғалдақтар" өнерлілер байқауы ұйымдастырылды.

Байқаудың мақсаты оқушыларды Қызыл кітапқа енген қызғалдақтармен таныстырып, оларды сақтауға, қорғауға және сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.

Байқау қорытындысы бойынша:

I орын - 7"б" сыныбы "Грейг қызғалдағы"

II орын - 7"в" сыныбы "Борщов қызғалдағы"

III орын - 7"г" сыныбы "Островский қызғалдағы" тобына қорық атынан дипломдар мен сыйлықтар табысталды.



23.05.2024 – Ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімі

«Үстірт қорығының эндемигі – Үстірт арқары»

Үстірт арқары – ғылыми атауы «Үстірт уриалы» (*ovis vignei arcal* Eversmann) – сирек кездесетін түр, эндемик. Қазақстанда тек Маңғыстау облысында таралған. Үстірттің Оңтүстік Батыс шыңдарында кездесетін, аласа тау арқары.

Қазақстанның Қызыл кітабына енген Үстірт арқары – Үстірт мемлекеттік табиғи қорығында қорғауға алынған.

Арқар – Үстірттің қысы суық, жазы өте ыстық, шөлді аймаққа жататын ауа райына бейімделген. Ыстық және құрғақ маусымдарда су іздеп басқа жерлерге қоныс аудармайды. Үстірт шыңының төменгі беткейлеріндегі су қоры өте аз, ащы бұлақтардан шөлін қандырады.

Үстірт арқарының сезім мүшелері – көру, есту және иіс сезу қабілеті жақсы дамыған, себебі өте сақ жануар. Негізгі жауы – қасқыр, ал қозыларына түлкі, ірі жыртқыш құстар шабуыл жасайды. Арқардың аналықтары көбеюге 2,5-3 жасында, ал қошқарлары 4,5-5,5 жасында қатысады, күйек маусымы қазан-желтоқсан айларында. Буаздық кезеңі 5-5,5 айға созылады.

Міне, биыл Үстірт арқарлары наурыз айында төлдеп бастады, төлдеу кезеңі мамырдың ортасына дейін жалғасады. Көбіне 1 қозыдан туады, ал 2 қозыдан өте сирек туады.

Қазақстан бойынша тек қана бізде мекендейтін эндемик түр болғандықтан, көздің қарашығындай қорғауымыз қажет!

Үстірт қорығы ғылым, ақпарат

және мониторинг бөлімінің басшысы Ж. Устадов



27.05.2024 – Жаңалықтар + Экологиялық ағарту және туризм бөлімі

26 мамыр 2024 жылы “Үстірт МТҚ”, “USTIRT TRAVEL” @ustirttravel велоклубының, @zangar.event бастамасымен, Жаңаөзен қаласы әкімдігінің қолдауымен қала тұрғындарының арасында “Үстірт қорығының 40 жылдығына” арналған велошеру ұйымдастырылды.

📍Шараның мақсаты - осы жылдың шілде айында құрылғанына 40 жыл болатын Үстірт қорығын жұртшылыққа таныту, қорық жұмысын насихаттау, салауатты өмір салтын ұстануды дәріптеу, табиғатты қорғау жұмыстарына қолдау білдіру. “Мұнайшы” мәдениет үйінен бастау алған велошеруде қатысушылар қала ішімен жүріп, “Үстірт” қорығының ғимаратына дейін велосипедпен жүріп өтті.

💡 Қатысушылар сұрақ-жауап ойындарына бешенді қатысып, демеушілер @zangar.event @balapan_ozen дайындаған сыйлықтарға ие болды. Велошеру өте жоғары деңгейде және қызықты өтіп, қатысушылар алғыстарын білдірді. Туған өлкеміздің табиғатын қорғайтын табиғат жанашарлары көп болсын!





28.05.2024 – Қорғау бөлімі

27.05.2024 ж Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының ғимаратында заңгер А.Абиев мемлекеттік инспекторларға "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы-іс қимыл туралы заң" тақырыбында оқу сабағын ұйымдастырды.



04.06.2024 – Жаңалықтар - Новости

31 мамыр 2024 жылы Үстірт қорығының қызметкерлері облыс өңіріндегі соңғы кездері туристер көп шоғырланатын Бекет ата жерасты мешіті маңына, Бозжыра, Қызылкүп шатқалына барып, тазалық жұмыстарын жүргізді.





